



ИССАПАР

ТУРИСТІК АЙМАҚТЫ ЖАҢҒЫРТУ ел экономикасының өзегі

Тексеру барысында Үкімет басшысының орынбасары қонақүй кешендері, кәріз-тазарту құрылыстары нысаны, Көктұма ауылындағы жағалауды бекіту учаскесі және Үшарал қаласының әуежайын аралады. Әр бағыт бойынша нысандардың қазіргі дайындығы мен жобалардың іске асу қарқыны жөнінде баяндалды.

Облыс әкімдігі жағалауды жазғы туристік маусымға дайындау бағытында ауқымды әрі жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Президент өткен жылы да туристік аймақтарда тәртіп орнату, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ инвесторлар үшін нақты қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударған болатын. Бүгінде бұл мәселе Мемлекет басшысының айрықша бақылауында. Атап айтқанда, жалпы ұзындығы 488 шақырымды құрайтын Талдықорған – Үшарал және Үшарал – Достық автомобиль жолдарын реконструкциялау аяқталып, жағалаудың көлік қатынасы едәуір жақсарған. Үшарал әуежайының ұшу-қону жолағын жаңғыртудан кейін ірі әуе кемелерін қабылдауға мүмкіндік жасалып, қосымша терминал салу жобасы да әзірленген.

Туристік аймақтың инженерлік инфрақұрылымы да едәуір нығайтылған. 57 шақырым электр желісі мен екі қосалқы станса құрылысы аяқталды. Бұл бұрынғы қуат тапшылығын жойып, алдағы кезеңге қажетті электр энергиясының қорын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ақши ауылында 69 шақырым кәріз желісінің құрылысы аяқталды. Ақши мен Көктұмадан шығатын ағын суларды қабылдап, тазалап, суды техникалық мақсатта қайта пайдалануға мүмкіндік беретін тазарту құрылыстары жобасын іске асыру жалғасуда. Нысанды биылғы қазан айында толық жабдықтап, инженерлік желілерге қосу жоспарланған. Осылайша жағалаудағы санитариялық жағдай, су бұру және экологиялық қауіпсіздік мәселелері кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді.

Жағалауды бекіту жұмыстарының



ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида БАЛАЕВА мен туризм және спорт министрі Ербол МЫРЗАБОСЫНОВ облыстағы туристік инфрақұрылымның жазғы маусымға дайындығымен танысты. Жұмыс сапарына орталық мемлекеттік органдардың, Үкімет аппаратының, салалық ведомстволардың өкілдері, облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ қатысып, Алакөл жағалауындағы негізгі нысандардың жай-күйін тексерді.

барысына да баса назар аударылды. Жоба Алакөл жағалауының 13 шақырым аумағын қамтиды. Тексеру ба-

рысында бірқатар учаскелерде, соның ішінде жағалауға жақын орналасқан нысандар маңында жағаның шайылу

белгілері бар екені тіркелді. Туристік нысан иелерінің айтуынша, қыс мезгілінде ірі мұз массалары жыл сайын жағалау жиегіне әсер етіп, топырақты шайып, жағажай аумағына зақым келтіреді. Соның салдарынан кәсіпкерлер әр маусым сайын жағажайларды қалпына келтіруге және абаттандыруға қайтадан қаржы салуға мәжбүр. Қазіргі уақытта Көктұмада 960 метр, Ақшиде 200 метр аумақта жағалауды бекіту жұмыстары атқарылған. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы тиіс. Өйткені аумақтың қорғалуы, нысандардың сақталуы және жағалаудың одан әрі дамуы соған тікелей байланысты.

Жағалаудың санитариялық дайындығы жөнінде де жеке баяндалды. Осы мақсатта коммуналдық база нығайтылып, санитариялық тазарту жұмыстарына қосымша 42 бірлік арнайы техника сатып алынған. Маусымдық бригада-лардың жұмысы күшейтіліп, қоқысты жүйелі шығару, қоғамдық кеңістіктер мен жағажай аумағын күтіп ұстау шаралары ұйымдастырылып жатыр.

Маусымның жақындауына байланысты қауіпсіздік мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Жағалауда құтқару бөлімшелері жұмыс істейді,

жазғы кезеңде маусымдық құтқарушылар қосымша тартылады, техника және құрал-жабдықпен жарақтандыру күшейтіледі. Сонымен қатар бейнебақылау, дрон арқылы мониторинг, қолданыстағы шектеулер мен құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы ақпараттық ескертпелер орналастыру көзделген. «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттары жағалаудың бүкіл аумағында нақты көрініс табуға тиіс екені атап өтілді. Бұл ең алдымен тазалықтан, тәртіптен, белгіленген талаптардың сақталуынан және барлық қызметтердің үйлесімді жұмысынан байқалуы қажет.

Күн тәртібінде туристік саладағы еңбек қатынастары мәселелері де қаралды. Әсіресе жастар мен студенттерге қатысты бейресми жұмыспен қамтудың алдын алу қажеттігіне ерекше мән берілді. Барлық еңбек қатынастары, еңбекақы төлеу және еңбек жағдайлары тұрақты бақылауда болуы тиіс.

Алакөлі дайындаумен қатар, облыс әкімдігі Балқаш көліндегі туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында да жұмыс жүргізіп жатқаны айтылды. Жағалау аймағының бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы бекітілген, абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, жағажай инфрақұрылымын аяқтау 15 маусымға жоспарланған. Сонымен қатар аумақты одан әрі дамытуға және инвестиция тартуға бағытталған ілеспе жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Аида Балаева атқарылған жұмыстар жағалаудың жаңа инфрақұрылымдық негізін қалыптастырып жатқанын атап өтті. Сонымен бірге демалушылар ағынының ұлғаюын ескере отырып, басты өлшем нақты нәтиже мен барлық қызметтердің дайындығы болып қала беретінін айтты.

Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша Премьер-Министрдің орынбасары жағалаудың жазғы маусымға толық дайындығын қамтамасыз етуді, негізгі инфрақұрылымдық жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды, қауіпсіздік пен санитариялық күтіп-ұстау шараларын күшейтуді, демалушыларға арналған көрнекі профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жолға қоюды, сондай-ақ туристер ағынының өсуі мен ішкі туризмді дамытудың ұзақмерзімді міндеттерін ескере отырып, туристік аймақты жүйелі жаңғыртуды жалғастыруды тапсырды.

ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі
Алакөл ауданы

ҚОНЫСТОЙ

Талдықорған қаласында тағы бір қуанышты сәттің шымылдығы түрілді. Қаладағы Салтанат сарайының Мәжіліс залында баспанаға зәру 41 отбасыға жаңа пәтердің кілті салтанатты түрде табысталды. Бұл талай жылдан бері тұрғын үй кезегінде тұрған жандар үшін көптен күткен ақжолтай жаңалық, үміттің ақталған күні.

Санжар СҮЛТАНҒАЗЫ

Салтанатты жиынға қала әкімі Ернат Бәзіл қатысып, қоныс иелеріне кілтті өз қолымен ұсынды. Шара барысында шаһар басшысы мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының маңызын атап өтіп, әлеуметтік оқал топтарды баспанамен қамту басты міндеттердің бірі екенін жеткізді.

Жаңа қоныс иелерінің қатарында көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар. Солардың бірі – Самал Жәнібекова. Ол 2018 жылдан бері көпбалалы отбасы ретінде тұрғын үй кезегінде тұрғанын айтады. Бүгінгі қуанышын жасыра алмаған кейіпкеріміздің сөзінен жылдар бойғы сергелдеңнің салмағы сезіледі.

– Бір пәтерден екіншісіне көшіп-қонып, тұрақсыз тірліктің тауқыметін көп тарттық. Бүгін, міне, өзіміздің баспанамызға қол жеткізіп отырмыз. Бұл – біз үшін өлшеусіз қуаныш, – дейді ол.

Ал І топтағы мүгедектігі бар азамат Асуан Садықов үшін бұл күн тағдырдың жаңа белесі іспетті. 2021 жылы жол-көлік оқиғасына ұшырап, денсаулығынан айырылғаннан кейін тұрғын үй кезегіне тұрған ол енді екі бөлмелі пәтердің иесі атанды.



41 ОТБАСЫҒА пәтер кілті табысталды

– Екі ұлым бар. Осы уақытқа дейін жалдамалы пәтер жасап келдік. Бүгін «Шығыс» шағынауданынан кең, жарық екі бөлмелі пәтер бұйырып отыр. Қала және облыс әкімдігіне шынайы алғысымды білдіремін, – дейді ол.

Жаңа пәтерлер заманауи талаптарға сай салынған көпқабатты тұрғын үй кешендерінен берілді. Инженерлік инфрақұрылымы толық жүргізілген, жылу, су, газ, электр жүйелері талапқа сай

тартылған. Пәтерлердің ішкі әрлеу жұмыстары аяқталған, тұрғындардың бірден қоныстануына мүмкіндік бар.

Бұл игі бастама өңірде тұрғын үй құрылысының қарқыны артқанын аңғартады. Әлеуметтік маңызы бар баспаналарды пайдалануға беру арқылы қала билігі халықтың тұрмыс сапасын арттыруға нақты қадам жасап отыр. Баспаналы болған әр отбасының қуанышы – ел енесінің биіктігін айғақтайтын айқын көрініс.

АУДАН ТЫНЫСЫ

ТӨРТ ТҮЛІК төлдеп жатыр

Көксу ауданында да мал төлдету науқаны жоспарлы түрде жүзеге асырылып, оң көрсеткіштерге қол жеткізілуде. Биыл аудан бойынша жалпы 120 428 бас төл алу жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін 38 391 бас төл алынып, жоспардың 32 пайызы орындалды.

Қой-ешкіден 97 935 бас төл алу көзделген. Қазіргі есеп нәтижесінде 32 914 бас төл алынды. Ірі қара мал шаруашылығында да оң көрсеткіш бар. Жоспар бойынша 15 300 бас төл алу көзделсе, бүгінгі есеп бойынша 5 200 бас төл туылды. Ал жылқы шаруашылығы бойынша көзделген деңгейден 6 993 құлын болса, шаруалар қолындағы 105 бие құлындаған. Бұл салада төлдету кезеңі әлі де жалғасуда. Түйе шаруашылығындағы жоспар 50 бас болса, күні бүгінге дейін 20 бас бота есепке алынды. Бұл көрсеткіш те алдағы уақытта толық орындалады деп күтілуде.

Жалпы, ауданда мал төлдету науқаны бақылауда және жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жауапты сала мамандары мен шаруашылық иелері төлдің аман сақталуы мен күтіміне ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл өз кезегінде ауданның мал шаруашылығын дамытуға және ауыл экономикасын нығайтуға оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Аружан ЖАҚЫП,
Көксу ауданы әкімінің баспасөз хатшысы

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ТУРИЗМ

ШОМЫЛУ маусымына дайындық

Алакөл көлі жағалауының экологиялық саулығы мен санитарлық жағдайы облыстағы атқарушы биліктің назарында.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА



Жаңа туристік маусым қарсаңында Алакөл ауданында су айдынының бірегей экожүйесін сақтауға және жағажай аймақтарының тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені іске асырылып жатыр.

Жаңа кәсіпорынның өнімді жұмысы үшін арнайы техника сатып алынууда. Ұйым саябағы 21 машинамен толықтырылып, бүгінде оның 10-ы келді.

Жаңа кәсіпорынның өнімді жұмысы үшін арнайы техника сатып алынууда. Ұйым саябағы 21 машинамен толықтырылып, бүгінде оның 10-ы келді.

Тазалық мәселелерімен қатар ландшафтты қорғау ісі де шешілуде. Жыл басындағы жағдай бойынша жағалау сызығының 900 метрі нығайтылды.

Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету сонымен бірге жағалауды туристік маусымға дайындау жоспарына кіреді. Ал жазға қарай жағалау бойы демалуға арналған орындармен толығып, жағалау аймағы бірнеше жаңа қабинамен жабықталады.

Жоғарыда аталған барлық жұмыс – техника сатып алудан бастап толық аяқтау жоспарланып отыр.

Алакөл ауданы



Суретті түсірген Александр СКЛАВОВСКИЙ

ОТАН ҚОРҒАУ – азаматтық борыш

Аймақта әскери-патриоттық тәрбиені жүйелі түрде дамыту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Облыс әкімінің орынбасары, үйлестіру кеңесінің төрағасы Диас ЕСДӘУЛЕТОВТИҢ төрағалығымен өткен отырыста осы бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтеру мәселесі қаралды.

Гүлжан ТҰРСЫН

Өткен жылы әкімдікте осы мәселелерге арналған кешенді жұмыс жоспары бекітілген. Онда отансүйгіштікке тәрбиелеуден бастап, материалдық-техникалық базаны нығайту, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, заманауи коммуникация құралдарын енгізу және нәтижелілікті бағалауға дейінгі барлық бағыттар қамтылған.

Алайда алғашқы отырыстың өзінде бірқатар жүйелі кемшіліктер ашық айтылды. Облыстық білім басқармасының мониторингі кейбір аудандарда жұмыс формальді түрде жасалғанын айқындаған.

стратегиялық маңызы бар салада формализмге жол берілмеуі тиіс екенін айтты.

Жиында қаралған маңызды мәселелердің бірі – жастарды әскери қызметке шақыру. Сондай-ақ, Отан қорғау азаматтық борыш екендігі жайлы түсінікті қалыптастыру.

Диас Рахметұлы: «Бүгінгі Z буын дәстүрлі тәсілдерден гөрі цифрлық

форматты тиімді қабылдайтыны белгілі. Осыған байланысты әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары әлеуметтік желілер, қысқа бейнероликтер, подкасттар арқылы жүргізілуі тиіс.

Кеңес қорытындысында аудан, қала әкімдіктеріне әскери-патриоттық орталықтар құру, оған жастарды кеңінен қамту, материалдық базаны жаңарту жүктелді.

Әйтсе де отбасы осы істен бұғып қалмай, өз үлесін қосу міндетті. Ұлтжандылық – ортақ міндет!

Патриоттық тәрбие жайлы әңгіме қозғалған кезде жауапты мекемелердің мойнына артып қоймай, отбасының да атқаратын рөлін естен шығармаған жөн.

ЖОБА

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелерін (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда) белгілеу туралы

- 1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері (түбірмен босатылатын сүрек үшін белгіленетін мөлшерлемелерді қоспағанда):
1) 1-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр, ағаш шырындарын дайындау үшін;
2) 2-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін;
3) 3-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін;
4) 4-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ашылық шаруашылығының қажеті үшін;
5) 5-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаты үшін;
6) 6-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін;
7) 7-қосымшаға сәйкес Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін белгіленісін.

Облыстық мәслихаттың төрағасы Г. ТОЙЛЫБАЕВА

ішіміне 1-қосымша

Table with 4 columns: №, Атауы, Өлшем бірлігі, Айлық есептік көрсеткіш. Row 1: Шайыр дайындау, центнер, 0.79.

ішіміне 2-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы сүрек ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 3-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 4-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 5-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 6-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 7-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 1-қосымша

Table with 7 columns: №, Атауы, Өлшем бірлігі, Айлық есептік көрсеткіш. Row 10: Грек жаңғағы, килограмм, 0,035.

ішіміне 2-қосымша

ішіміне 3-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 4-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 5-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 6-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 7-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

Table with 2 columns: Дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар (шөптер, гүлдер, жапырақтар, сабақтар және өскіндер, бүршіктер) және олардың мөлшерлемелері.

Table with 2 columns: Дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар тәмамдары және олардың мөлшерлемелері.

Table with 2 columns: Дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар тәмамдары және олардың мөлшерлемелері.

Table with 2 columns: Жемістер (жас (шікелей өсіп тұрған) күйінде) және олардың мөлшерлемелері.

Table with 2 columns: Жемістер (жас (шікелей өсіп тұрған) күйінде) және олардың мөлшерлемелері.

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ашылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 4-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ашылық шаруашылығының қажеті үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 5-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 6-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 7-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 8-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 9-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 10-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 11-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 12-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 13-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 14-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ішіміне 15-қосымша

Жетісу облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану төлемақы мөлшерлемелері

ХАБАРЛАНДЫРУ

ТОО «DAHANG MINING» «05.01.2026 ж. №3951-EL лицензиясы негізінде L-44-66-(10с-5г-13); L-44-66-(10с-5г-18); L-44-66-(10с-5г-19); L-44-66-(10с-5г-20) блоктарының шегінде орналасқан «Қызыл-Тағой» учаскесінің қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына» әсер етуге рұқсат алу материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Ынтыалы ауылдық округі, Ынтыалы ауылы.

Учаскесінің географиялық координаттары: 1) 46°03'00" с.ш., 80°57'00" в.д.; 2) 46°03'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 3) 46° 02'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 4) 46°02'00" с.ш., 81°00'00" в.д.; 5) 46°01'00" с.ш., 81°00'00" в.д. 6) 46°01'00" с.ш., 80°57'00" в.д.

Тыңдаулар **12.05.2026 сағат 12.00-де** Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Ынтыалы ауылдық округі, Ынтыалы ауылы. Мәдениет үйі, Жеміс көшесі, 9 мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/87124150012?pwd=Pu8eMDDaaSDasAIDdtOTQzJHeR3d1b.1>

Конференция идентификаторы: 871 2415 0012 Кіру коды: 5EPmNS Тапсырыс беруші: ТОО «DAHANG MINING», БИН 250740015757, Алматы қ. Медеу ауданы, «Көк-Төбе» ықшамауданы, Қыз Жібек көшесі, 15-үй , директор Чен Ченг, тел.: 8-777-005-55-50, Verum.042@gmail.com

Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: «РудПроект» ЖШС, Астана қ., Ақарыс 37, тел.: 8771181401.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26 үй. Тел.: 8(7282)32-92-67, priroda@zhetysu.gov.kz

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы келесі ұсыныстармен қаралатын болады: «Jetisy» газеті, «Жетісу» телеканалы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «DAHANG MINING» проводит общественные слушания по материалам для получения разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых участка «Қызыл-Тағой», расположенного в пределах блоков L-44-66-(10с-5г-13); L-44-66-(10с-5г-18); L-44-66-(10с-5г-19); L-44-66-(10с-5г-20), Лицензия №3951-EL от 05.01.2026г».

Территория, на которое может быть оказано воздействие: область Жетісу, Алақөлский район, Ынтыалский с.о., с. Ынтыалы

Географические координаты участка: 1) 46°03'00" с.ш., 80°57'00" в.д.; 2) 46°03'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 3) 46° 02'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 4) 46°02'00" с.ш., 81°00'00" в.д.; 5) 46°01'00" с.ш., 81°00'00" в.д. 6) 46°01'00" с.ш., 80°57'00" в.д.

Слушания состоятся **12.05.2026 в 12.00 ч.** область Жетісу, Алақөлский район, Ынтыалский с.о., с. Ынтыалы в доме культуры по адресу: Жеміс 9.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/87124150012?pwd=Pu8eMDDaaSDasAIDdtOTQzJHeR3d1b.1> Идентификатор конференции: 871 2415 0012 Код доступа: 5EPmNS

Заказчик-инициатор: ТОО «DAHANG MINING», БИН 250740015757, г. Алматы, Медеуский район, мкр. Көк-Төбе, ул. Қыз Жібек, д. 15, директор Чен Ченг, тел.: 8-777-005-55-50, Verum.042@gmail.com

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РудПроект» г. Астана, улица Ақарыс 37, тел.: 8771181401.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу», обл. Жетісу, 040000, г. Талдықорған, ул. Қабанбай батыра, №26., тел.: 8(7282)32-92-67, priroda@zhetysu.gov.kz

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами: Газета «Jetisy», телеканал «Жетісу».

ХАБАРЛАНДЫРУ

ТОО «DAHANG MINING» «05.01.2026 ж. №3951-EL лицензиясы негізінде L-44-66-(10с-5г-13); L-44-66-(10с-5г-18); L-44-66-(10с-5г-19); L-44-66-(10с-5г-20) блоктарының шегінде орналасқан «Қызыл-Тағой» учаскесінің қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп жазбасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Ынтыалы ауылдық округі, Ынтыалы ауылы.

Учаскесінің географиялық координаттары: 1) 46°03'00" с.ш., 80°57'00" в.д.; 2) 46°03'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 3) 46° 02'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 4) 46°02'00" с.ш., 81°00'00" в.д.; 5) 46°01'00" с.ш., 81°00'00" в.д. 6) 46°01'00" с.ш., 80°57'00" в.д.

Тыңдаулар **12.05.2026 сағат 10.00-де** Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Ынтыалы ауылдық округі, Ынтыалы ауылы. Мәдениет үйі, Жеміс көшесі, 9 мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/86931286922?pwd=Ql0JbWVnDlJlams5QkwvR9xChVvprMT.1>

Конференция идентификаторы: 869 3128 6922 Кіру коды: 0iIT8F Тапсырыс беруші: ТОО «DAHANG MINING», БИН 250740015757, Алматы қ. Медеу ауданы, Көк-Төбе ықшамауданы, Қыз Жібек көшесі, 15-үй , директор Чен Ченг, тел.: 8-777-005-55-50, Verum.042@gmail.com

Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural> сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: «РудПроект» ЖШС, Астана қ., Ақарыс 37, тел.: 8771181401.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26 үй. Тел.: 8(7282)32-92-67, priroda@zhetysu.gov.kz

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы келесі ұсыныстармен қаралатын болады: «Jetisy» газеті, «Жетісу» телеканалы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «DAHANG MINING» проводит общественные слушания по материалам для получения разрешения на воздействие (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ) по проекту План разведки твердых полезных ископаемых участка «Қызыл-Тағой», расположенного в пределах блоков L-44-66-(10с-5г-13); L-44-66-(10с-5г-18); L-44-66-(10с-5г-19); L-44-66-(10с-5г-20), Лицензия №3951-EL от 05.01.2026г».

Территория, на которое может быть оказано воздействие: область Жетісу, Алақөлский район, Ынтыалский с.о., с. Ынтыалы

Географические координаты участка: 1) 46°03'00" с.ш., 80°57'00" в.д.; 2) 46°03'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 3) 46° 02'00" с.ш., 80°58'00" в.д.; 4) 46°02'00" с.ш., 81°00'00" в.д.; 5) 46°01'00" с.ш., 81°00'00" в.д. 6) 46°01'00" с.ш., 80°57'00" в.д.

Слушания состоятся **12.05.2026 в 10.00 ч.** область Жетісу, Алақөлский район, Ынтыалский с.о., с. Ынтыалы в доме культуры по адресу: Жеміс 9.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings?;-text=https%3A/us05web.zoom.us/j/86931286922%3Fpwd%3DQl0JbWVnDlJlams5QkwvR9xChVvprMT.1>

Идентификатор конференции: 869 3128 6922 Код доступа: 0iIT8F Заказчик-инициатор: ТОО «DAHANG MINING», БИН 250740015757, г. Алматы, Медеуский район, мкр. «Көк-Төбе», ул. Қыз Жібек, д. 15, директор Чен Ченг, тел.: 8-777-005-55-50, Verum.042@gmail.com

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural>

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РудПроект» г. Астана, улица Ақарыс 37, тел.: 8771181401.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу», обл. Жетісу, 040000, г. Талдықорған, ул. Қабанбай батыра, №26., тел.: 8(7282)32-92-67, priroda@zhetysu.gov.kz

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами: Газета «Jetisy», телеканал «Жетісу».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«DAHANG MINING» ЖШС «Орта-Тентек» учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есепке қатысты қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Учаске L-44-78-(10с-5б-4); L-44-78-(10с-5г-1); L-44-78-(10с-5г-6); L-44-78-(10с-5г-11); L-44-78-(10с-5г-12); L-44-78-(10с-5г-13); L-44-78-(10с-5г-14); L-44-78-(10с-5г-17); L-44-78-(10с-5г-18); L-44-78-(10с-5г-19); L-44-78-(10с-5г-24); L-44-78-(10с-5в-10) блоктарының шегінде орналасқан. Лицензия №3963-EL, 05.01.2026 ж.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Сапақ ауылдық округі, Бибақан ауылы. Географиялық координаттары: 1. 45°55'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б., 2. 45°55'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 3. 45°53'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 4. 45°53'00" С.Е. 80°59'00" Ш.Б., 5. 45°49'00" С.Е. 80°59'00" Ш.Б., 6. 45°49'00" С.Е. 80°58'00" Ш.Б., 7. 45°51'00" С.Е. 80°58'00" Ш.Б., 8. 45°51'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 9. 45°52'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 10. 45°52'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б., 11. 45°53'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б., 12. 45°53'00" С.Е. 80°54'00" Ш.Б., 13. 45°54'00" С.Е. 80°54'00" Ш.Б., 14. 45°54'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б.

Қоғамдық тыңдаулар 18.05.2026 ж. сағат 11.00-де Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Сапақ ауылдық округі, Бибақан ауылы, Бибақан негізгі орта мектебінде (Желтоқсан көшесі, 19) өтеді. Өзіншібен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференциябайлыны арқылы онлайн режимде де қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/81763429946?pwd=01197myabK0805yjlEOTwuiXjN7fN7.1> Конференция идентификаторы: 817 6342 9946, Кіру коды: 6lrq1L.

Тапсырыс беруші-бастамашы: «DAHANG MINING» ЖШС, ҚР. Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Көк-Төбе» ықшамауданы, Қыз Жібек көшесі, 15-үй, БСН 250740015757, директор Чен Ченг.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталы арқылы, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қабылданады: priroda@zhetisu.gov.kz

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қаласы, Ақарыс көшесі, 37, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 87079803526.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «DAHANG MINING» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях по проекту План разведки твердых полезных ископаемых участка «Орта-Тентек», расположенного в пределах блоков L-44-78-(10с-5б-4); L-44-78-(10с-5г-1); L-44-78-(10с-5г-6); L-44-78-(10с-5г-11); L-44-78-(10с-5г-12); L-44-78-(10с-5г-13); L-44-78-(10с-5г-14); L-44-78-(10с-5г-17); L-44-78-(10с-5г-18); L-44-78-(10с-5г-19); L-44-78-(10с-5г-24); L-44-78-(10с-5в-10), Лицензия №3963-EL от 05.01.2026 г. Территория, на которое может быть оказано воздействие: область Жетісу, Алақөлский район, с.о. Сапақ, с. Бибақан.

Географические координаты: 1. 45°55'00" С.Ш. 80°55'00" В.Д., 2. 45°55'00" С.Ш. 80°56'00" В.Д., 3. 45°53'00" С.Ш. 80°56'00" В.Д., 4. 45°53'00" С.Ш. 80°59'00" В.Д., 5. 45°49'00" С.Ш. 80°59'00" В.Д., 6. 45°49'00" С.Ш. 80°58'00" В.Д., 7. 45°51'00" С.Ш. 80°58'00" В.Д., 8. 45°51'00" С.Ш. 80°56'00" В.Д., 9. 45°52'00" С.Ш. 80°56'00" В.Д., 10. 45°52'00" С.Ш. 80°55'00" В.Д., 11. 45°53'00" С.Ш. 80°55'00" В.Д., 12. 45°53'00" С.Ш. 80°54'00" В.Д., 13. 45°54'00" С.Ш. 80°54'00" В.Д., 14. 45°54'00" С.Ш. 80°55'00" В.Д.

Слушания состоятся 18.05.2026 г. в 11.00 по адресу: область Жетісу, Алақөлский район, Сапақский сельский округ, село Бибақан, в Бибақанской основной средней школе (ул. Желтоқсан, 19). При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/81763429946?pwd=01197myabK0805yjlEOTwuiXjN7fN7.1> Идентификатор конференции: 817 6342 9946, Код доступа: 6lrq1L.

Заказчик-инициатор: РК, город Алматы, Медеуский район, мкр. «Көк-Төбе», ул. Қыз Жібек, д. 15, БИН 250740015757, директор Чен Ченг.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу».

Замечания/предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz/>, а также электронному по адресу: priroda@zhetisu.gov.kz

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУДПРОЕКТ» г. Астана, ул. Ақарыс 37, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 87079803526.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«DAHANG MINING» ЖШС «Орта-Тентек» учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары жобасы бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдарына (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ) қатысты қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Учаске L-44-78-(10с-5б-4); L-44-78-(10с-5г-1); L-44-78-(10с-5г-6); L-44-78-(10с-5г-11); L-44-78-(10с-5г-12); L-44-78-(10с-5г-13); L-44-78-(10с-5г-14); L-44-78-(10с-5г-17); L-44-78-(10с-5г-18); L-44-78-(10с-5г-19); L-44-78-(10с-5г-24); L-44-78-(10с-5в-10) блоктарының шегінде орналасқан. Лицензия №3963-EL, 05.01.2026 ж.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Сапақ ауылдық округі, Бибақан ауылы. Географиялық координаттары: 1. 45°55'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б., 2. 45°55'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 3. 45°53'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 4. 45°53'00" С.Е. 80°59'00" Ш.Б., 5. 45°49'00" С.Е. 80°59'00" Ш.Б., 6. 45°49'00" С.Е. 80°58'00" Ш.Б., 7. 45°51'00" С.Е. 80°58'00" Ш.Б., 8. 45°51'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 9. 45°52'00" С.Е. 80°56'00" Ш.Б., 10. 45°52'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б., 11. 45°53'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б., 12. 45°53'00" С.Е. 80°54'00" Ш.Б., 13. 45°54'00" С.Е. 80°54'00" Ш.Б., 14. 45°54'00" С.Е. 80°55'00" Ш.Б.

Қоғамдық тыңдаулар 18.05.2026 ж. сағат 12.00-де Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Сапақ ауылдық округі, Бибақан ауылы, Бибақан негізгі орта мектебінде (Желтоқсан көшесі, 19) өтеді. Өзіншібен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференциябайлыны арқылы онлайн режимде қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/83848295684?pwd=2paUzUT5Pnr6J0rpEffOKYprX6lS6.1> Конференция идентификаторы: 838 4829 5684, Кіру коды: 8sApzv.

Тапсырыс беруші-бастамашы: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Көк-Төбе» ықшамауданы, Қыз Жібек көшесі, 15-үй, БСН 250740015757, директор Чен Ченг.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ электрондық пошта арқылы қабылданады: priroda@zhetisu.gov.kz

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қаласы, Ақарыс көшесі, 37, e-mail: rudproject@mail.ru, тел.: 87079803526.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «DAHANG MINING» проводит общественные слушания по материалом на получение экологического разрешения на воздействие (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ) по проекту План разведки твердых полезных ископаемых участка «Орта-Тентек», расположенного в пределах блоков L-44-78-(10с-5б-4); L-44-78-(10с-5г-1); L-44-78-(10с-5г-6); L-44-78-(10с-5г-11); L-44-78-(10с-5г-12); L-44-78-(10с-5г-13); L-44-78-(10с-5г-14); L-44-78-(10с-5г-17); L-44-78-(10с-5г-18); L-44-78-(10с-5г-1

Кейде өмірдің ең ауыр сынақтары ең нәзік жүректерге беріледі. Бірақ дәл сол нәзіктік қайсарлыққа ұласып, адамды биікке жетелеп те жатады. Талдықорғанда сахналанған «Бәйшешек» спектаклі осы ақиқаттың көркем дәлелі. Жас қаламгер Жәмиля Бахтиярқызының тағдырлы туындысы бұл жолы қағаз бетінен сахнаға көшіп, көрермен назарына ұсынылды.

Қайта бүр жарған

БӘЙШЕШЕК



Медет ЖҰМАБАЙ

Өмір мен өлімнің арасындағы арпалыс, үміт пен үрейдің тайталасы, адам рухының сын сағаттағы шынайы келбетін көрсетеді. Жансақтау бөліміндегі көріністер арқылы берілген ауыр атмосфера көрерменді бірден өз иіріміне тартып, автордың ішкі әлеміне жетеледі. 8 жасында дертке шалдығып, күреске түскен кішкентай кыздың жан айқасы сахнада шынайы әрі әсерлі сомдалды. Қойылым басталған сәттен-ақ көрермен қараңғылық пен жалғыздық әлеміне енгендей күйге түсті. Кейіпкердің жеті жылға созылып, ажалмен бетпе-бет келген тағдыры көпті ойға шомдырды. Күрделі ота мен білікті хирургтардың еңбегі, ата-ананың тынымсыз дұғасы, Жәмиляның Төле би бабасының рухына тәу етіп, «Берілмеймін!» деп өз-өзіне серт берген сәттері залды тебірентті.

— Бүгін бір керемет күн, себебі, менің кішігірім ғана «Бәйшешек» атты шығарманың желісімен алғаш рет спектакльдің премьерасы өтуде. Әрине, автор ретінде бұл мен үшін күтпеген тосынсыз болды, сонымен қатар, үлкен жауапкершілік. Себебі, ақ қазаға түскен дүниенің киелі сахнада орындалуы — үлкен қуаныш, ал көрерменнің ойынан шықса ол да менің бір жетістігім болмақ, — дейді жас қаламгер.

Автордың өзі айтқандай, сахна киелі кеңістік. Сол кеңістікте өз тағдырыңды қайта көру екінің біріне бұйыра бермейтін бақ. Жәмиля Бахтиярқызы үшін бұл қойылым өткеннің ауыр ізі ғана емес, бүгінгі жеңісі.

Қойылымның көркемдік қуатын арттырған — кәсіби шеберлік пен жүрек жылуының үйлесімі. ҚР Халық әртісі Алмахан Кенжебекова мен ҚР еңбек сіңірген қайраткері Кендебай Темірбайұлы жас актерлердің бойындағы табиғи талантты дәл танып, оны сахна тілінде сөйлете білген. Мұқағали Мақатаев атындағы «Жас актер» халықтық театрының өнерпаздары әр ролді жүректен сезініп, шынайылықпен жеткізгеніне ел куә.

Бұл қойылымда әсіре бояу жоқ. Барлығы — өмірдің өзі. Сол себепті де көрермен сенеді, тебіренеді, бірге күреседі. Әсіресе, «Берілмеймін!» деген ішкі серт спектакльдің рухани өзегіне айналған. Бұл сөз өмірмен арпалысқан әрбір жанның ұраны іспетті.

— Жәмиля қызымның басынан өткен сынақ әулетіміз үшін де ауыр болды. Бәріміздің жүрегіміз ауырды, жанымыз қиналды. Енді, міне, соның бәрін өзі жеңіп шығып, сол ауыртпалықты еңсеріп, қағаз бетіне түсіріп, ел-жұртқа танытып жатқаны нағыз баатырлық. Сахнада қойылған қойылымның еш өтірігі жоқ. Барлығы солай болғанына өзім куәмін. Ер азамат болғандықтан сондай бір дүниелерге жылай қоймай-

тын едім. Алмахан апамыз бен Кендебай апамыздың шәкірттері көзіме еріксіз жас үйірді, — дейді әнші, актер, Мемлекет және қоғам қайраткері, Жәмиляның атасы Нұрлан Өнербаев.

Ал басты ролді сомдаған жас актриса Үміт Ғалымжанқызы:

— «Бәйшешек» спектаклін шығару біз үшін оңай болған жоқ, талай қиындықтарға жолықтық. Алайда мұзды жарып шыққан гүлдей біз де бұл қойылыммен көрермен көңілінен шықтық деп ойлаймын. Сондықтан көпшілікті осы қойылымды көруге, «Бәйшешек» кітабын оқуға шақырамын, — дейді.

«Бәйшешек» қойылымы қоғамға ой салатын, сынаққа сынбауға жігер беретін туынды. Адам кейде ұсақ қиындыққа мойып қалып жатады. Ал бұл шығармадан нағыз күресті көруге болады. Үміттің ең соңғы сәулесі сөнбеген жерде өмір бар екенін ұқтырады.

Жеті жылға созылған ауыр кезеңнен кейінгі бір сәт — тыныс алу аппаратынан ажырау — спектакльде символдық деңгейге көтерілген. Бұл тек физикалық еркіндік емес, рухани қайта туу.

Спектакль соңында Жәмиля Бахтиярқызы жас әртістерге өзінің тын туындысын тарту етсе, автордың ата-анасы мен туыстарына облыстық әкімдіктің сый-сияпаты табысталды. Ал әнші, актер, Мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Өнербаев «Өмір ғажап» әнін шырақ, бұл күннің шырайын арттырды.



Жұырда ғана кең көлемде аталып өткен Наурызанама мерекесіне «Қазақ аналары — дәстүрге жол» республикалық бірлестігінің Жетісу өңіріндегі аналары да белсене қатысып, ұлттық киім мен салт-дәстүрімізді дәріптеуге үлес қосты. Ақ кимешек пен ақ шапан киген аналардың ажары мерекеге ерекше көрік беріп, олар «Амал. Көрісу» күнінің өзінде-ақ Талдықорған қаласының орталық алаңына жиналды.

ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ САЛҒАН

Қала тұрғындары мен қонақтары өнерпаздардың өнерін тамашалап қана қоймай, аналардан бата алып, естелік суретке түсті. Бұл көрініс ұлттық құндылықтардың сабақтастығын айшықтап, көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Сонымен қатар, аналар жергілікті «Жетісу» телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасына қатысып, Наурызанама аясындағы дәстүрлер туралы ой бөлісті.

Ал «Жастар» саябағында бірлестіктің негізін қалаушы Айнұр Жүгінісова мен кеңесшісі Зәмзәгүл қажы ананың қатысуымен өткен кездесу мерекелік көңіл-күйді еселей түсті. Ұлыстың Ұлы күнімен тұспа-тұс келген бұл шара Жетісу облысындағы бірлестіктің бір жылдық мерейтойымен ұштасып, мазмұнды түрде аталып өтті.

Мерейтойлық жиынға республикалық басшылық өкілдерімен қатар «Алка билер» республикалық ұйымының төрағасы Әбу мырза, «Ауыл» партиясының қалалық төрағасы Асхат Базилов, Жетісу өңірі бойынша кеңесшісі Мадина Нұрпейісова, партия белсендісі Назгүл Әбілдина және жергілікті әнші Ербол Құдайбергенов қатысты. Іс-шарада аналардың колөнер көрмесі ұйымдастырылып, ұлттық салт-дәстүрлерден көріністер көрсетіліп, ұлттық ойындар ойнатылды.

Бірлестіктің Жетісу облыстық филиалының төрайымы Айнагүл Денгелбайқызы ұйымның құрылу тарихына тоқталып өтті:

— 2023 жылғы Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылында бірлестік төрайымы болып жүргенімде Алматы қаласындағы «Алатау» театрында өткен «Абысын-ажын» республикалық байқауына қатыстым. Сонда бұрынғы Талдықорған өңірінен бірде-бір ананың қатыспағаны жанымды ауыртыпты. Осыдан кейін туған жерге оралып, аналардың басын біріктіру туралы ой келді, — дейді ол.

Айнагүл ханымның айтуынша, 2024 жылдың қазан айында Талдықорғанға қоныс аударып, 2025 жылдың наурыз айынан бастап Жетісу облыстық филиалының жұмысын жүйелі түрде қолға алған.

— Бүгінде бірлестіктің бір жылдық мерейтойын атап өтіп отырмыз. Бұл жетістікке аудандық филиал төрайымдарының белсенді еңбегі зор. Көксу ауданынан Мариямгүл Ибраимова, Қараталдан Гүлнар Қиқбаева, Ақсудан Бақыт Лаубаева, Сарқаннан Есбала Кудербаева, Ескелді ауданынан Сәуле Манғенова, «Үйтас» шағынауданынан Гүлбану Әшкенқызы, Текелі қаласынан Оралтай ханым, Панфилов ауданынан Ләззат Бабаханова бастаған аналар ұйым жұмысын жандандыруға үлкен үлес қосып келеді, — дейді төрайым.

Сонымен қатар, бірлестік 2026 жылдың ақпан айынан бастап «Ауыл» партиясымен меморандумға қол қойып, облыстық және қалалық әкімдіктермен, ішкі саясат бөлімдерімен тығыз байланыс орнатқан.

Өткен бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар ауқымды. Бірлестік мүшелері республикалық, облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі іс-шараларға қатысып қана қоймай, өздері де бастама көтеріп келеді. Атап айтқанда, «Дала академия» Н. Алдабергеновтің мерейтойына байланысты ұсыныстар енгізіп, «Ақ орамал» күнін, Рамазан айындағы дәстүрлерді, «Жарапазан» айту рәсімдерін кенінен насихаттады.

Аналар мен ақсақалдар «Жетісу» телеарнасындағы «Бір шәугім шай» бағдарламасына қатысып, ұлттық өнерді дәріптеп жүр. Сонымен бірге, «КЕЛІН BATTLE» тележобасына қатысқан келіндер финалға жолдама алып, өңір намысын қорғады.

«Ауыл» партиясы ұйымдастырған «Бата» байқауында да жетісулықтар жүлделі орындардан көрінді. Рымғали ата I орын иеленіп, 100 000 теңге жүлде алса, Алмахан ана II орын (70 000 теңге), Секен ата III орын (50 000 теңге) иегері атанды. Ал Бағила ана мен Оспан ата ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Бүгінде киелі ақ кимешекті күнделікті тұрмысқа енгізуді мақсат еткен аналар алдағы уақытта өтетін «Абысын-ажын» республикалық байқауының облыстық кезеңіне дайындық жұмыстарын бастап кетті.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтауды басты ұстаным еткен аналардың бұл бастамасы — ұрпақ тәрбиесіне бағытталған маңызды қадам.

Құралай МҰСАНОВА,
«Қазақ аналары — дәстүрге жол»
бірлестігінің мүшесі, зейнеткер ұстаз

БАЛАНЫҢ ҚИЯЛЫ ЕРТЕГІ-МЕН ДАМИДЫ. ПСИХОЛОГТАРДЫҢ АЙТУЫНША, ЕРТЕГІ ТЫҢДАМАҒАН БАЛАНЫҢ ТІЛІ КЕШ ШЫҒАДЫ, ӨЗІ ЖАСҚАН-ШАҚ БОЛЫП ӨСЕДІ.

Негізгі ертегіні баланы ұйықтату үшін емес, тәрбиелеу үшін оқыған жөн. Мысалы, ойыншықтарын жинауға, жеке гигиенаны сақтауға үйрету үшін Жалқаубек туралы ертегі, ал оның өтірік сөйлегенін байқауға, онда айлакер түлкіден достарының теріс айналғаны жайында айтуға болады. Өзіне сенімсіз, агрессивті балаларға сенімділігін күшейтетін, қайырымдылыққа баулитын тақырыпта ертегі оқып берген жөн.

Балаға ұйықтар алдында ертегі айтып беру дәстүрі бала үшін де, өзінің үшін де пайдалы. Ғалымдардың зерттеу нәтиже-

лері бойынша, балаға ұйықтар алдында 15 минут бойы ертегі айтып берсеңіз перзентіңіз батыл, ақылды, ұқыпты, жауапты болып өседі. Ертегіні тыңдап болғаннан кейін оны талқыласаңыз, баланың өз бетімен оқуға ынтасы артып, ойлау қабілеті дамып, сөздік қоры молаяды.

Ертегі — баланың тілін жаттықтырады. Ондағы кейіпкерлердің басынан өткен оқиғалары арқылы бала күнделікті өмірінде болып жатқан жайттарды талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді. Сонымен қатар, баланың ойлау қабілетінде маңызды

нәрселер де көрініс табады. Яғни, жомарттық пен сараңдық, жақсылық пен жамандық, менмендік пен бауырмалдық деген мәселелер көтеріліп, негізгі идея ретінде баяндалады. Балалар өздерін ертегі кейіпкерлеріне теңеп, соларға еліктейді. Өзіне ұқсас кейіпкерді бейсаналау түрде тандап, оның әрекеттерін қайталауға тырысады.

Жалпы, ертегі тәрбиенің негізгі құралы болғандықтан оқитын дүниені таңдауда мұқият болған абзал. Ертегінің соңы жақсы аяқталуы керек екенін де ескеріңіз. Мұнда жақсылық жамандықты

жеңіп, бас кейіпкер баатыр атанып, бәрі өз орнына келсе, бұл баланы өмірде бәрі жақсы болатынына, жақсылықты көп ойлауға дағдыландырады. Ертегінің тақырыптары бала үшін өте маңызды екенін ұмытпағайсыз. Біз, тәрбиешілер, күнделікті сабақ барысында балаларға ертегі айтып, олардың мінез-құлқына, сезімталдығына әсер етіп, дұрыс тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосып келеміз деп нық сеніммен айта аламын. Бір сөзбен айтқанда, «Ертегі еріккеннің ермегі емес». Сондықтан да құрметті, ата-ана, сіз де үйде балаңызға бір уақыт ертегі айтып берсеңіз, мықты тұлға тәрбиелейтініңізге көзіңіз жетеді.

Жибек ЕЛЬЧИБЕКОВА,
«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы

Алдабергенов ауылы,
Ескелді ауданы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік несі:

ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшының міндетін атқарушы:

Марал ДАУТАЛИНОВА

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:

Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер:

Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарла-сыңыздар — 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.



Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Жетісу» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы — Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 359

«Жетісу Медиа» МКК басылмаларының жалпы таралымы — 6617, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4646.

Индексі — 65469.